Төрағалық еткен: Комиссия төрағасы – С. Тулебаева

Қатысқандар: Комиссия мүшелері, жеке кәсіпкерлер (тізім бойынша) *қашықтықтан қатысты*

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібі:

Меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша қызмет жеткізушілердің тізбесіне енгізу, мемлекеттік білім беру тапсырысы бұрын орналастырылған мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына қосымша орындар орналастыру.

Ақтау қалалық білім бөлімінің басшысы, комиссия төрағасы:

Ақтау қалалық әкімдігінің сайтына «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығы басшылыққа алынып мектепке дейінгі ұйымдарға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттар қабылданатындығы туралы хабарландыру беріліп, конкурсқа катысуға жаңадан ашылып жатырған 1 инклюзивті жекеменшік балабақша және бұрын жұмыс жасап тұрған 4 жекемешік балабақшаның құжаттары келіп түскенін айтып өтті..

1. Толқын шағын аудан, № 40 ғимаратта орналасқан «Талпын» инклюзивті оңалту жекеменшік балабақшасы, өтініші 20 орынға берілген және құжаттар тігілген:

- комиссия төрағасының атына Қағидадағы 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініші;
- заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы, «Halyk bank» банкісінен қарызының жоқтығы туралы 2020 жылдың 19 қазандағы № 20-01-34/33/5 анықтаманың, 2020 жылдың 19 қазандағы салық органынан қарызының жоқтығы туралы анықтаманың көшірмелері;